

**Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету үшін
"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамына бюджеттік кредит
беру шарттарын айқындау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 қазандағы 1366 Қаулысы

«Өнімділік 2020» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 наурыздағы № 254 қаулысына (бұдан әрі – Бағдарлама) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – қарыз алушы) «2012 - 2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қарашадағы Заңына сәйкес кейіннен «Қазақстанның Даму Банкі» (бұдан әрі - банк) акционерлік қоғамына кредит беру үшін 052 «Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету үшін «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ кредит беру» бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген 10 000 000 000 (он миллиард) теңге сомасында бюджеттік кредит (бұдан әрі – кредит) берілсін.

2. Банкке кредит беру үшін қарыз алушыға кредит берудің мынадай шарттары а й қ ы н д а л с ы н :

1) кредит берудің мақсаты қаржылық лизингті қорландыру құнын төмендету болып т а б ы л а д ы ;

2) кредит жеделдік, ақылылық және қайтарымдылық шарттарында 10 (он) жыл мерзімге жылдық 0,15 (нөл бүтін жүзден он бес) пайызға тең сыйақы ставкасы б о й ы н ш а б е р і л е д і ;

3) қарыз алушы банкке кредит бергеннен кейін кредит банктің еншілес ұйымы «БРК-Лизинг» акционерлік қоғамына Бағдарламаны іске асыру шеңберінде оның лизингтік қызметін қаржыландыру мақсатында уәкілетті органның «БРК-Лизинг» акционерлік қоғамының лизингтік мәмілелерін мақұлдауына қарай қарыз нысанында б е р і л е д і ;

4) банк үшін сыйақы ставкасы жылдық 0,2 (нөл бүтін оннан екі) пайыздан аспауы т и і с ;

5) «БРК-Лизинг» акционерлік қоғамына кредит беруге арналған сыйақы ставкасы жылдық 0,3 (нөл бүтін оннан үш) пайыздан аспауы тиіс;

6) кредит бойынша негізгі борышты өтеуді қарыз алушы осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімнің соңында негізгі борышты мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігімен бір мезгілде жүзеге асырады;

7) кредит бойынша есептелген сыйақыны төлеу жартыжылдық кезеңділікпен жүзеге

асырылады. Есептелген сыйақыны алғашқы төлеу кредит игерілген күннен бастап 6 (алты) ай өткен соң жүргізіледі;

8) қарыз алушы үшін игеру кезеңі кредит қарыз алушының шотына аударылған күннен бастап 3 (үш) жылды құрайды.

3. Кредит шартының тараптары Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі – кредит беруші), Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі (бұдан әрі - әкімші) және қарыз алушы болып табылады.

4. Кредит қарыз алушының кредит бойынша міндеттемелерді қамтамасыз етуді ұ с ы н у ы н с ы з б ө л і н е д і .

5. Кредит беруші мен әкімші заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 3-тармағында көрсетілген кредит шартын жасауды қамтамасыз етсін.

6. Әкімші заңнамада белгіленген тәртіппен кредиттің мақсатты және тиімді пайдаланылуын, игерілуін, өтелуі мен оған қызмет көрсетілуін бақылауды және мониторингілеуді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі С. Ахметов